




Келісемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі:
Г.Б.Жанғалиева
«28» 08 2024ж

«Шебер қолдар» үйірмесінің жоспары

Үйірме жетекшісі: А.С.Мәден

Сәндік-қолданбалы өнер

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды: ағаш, саз, жүн, металдарды өндеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің карашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композицияларға дейін және көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, қолдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді.

Бүгінгі күннің талабына сай сәндік-қолданбалы өнер түрлері сан алуан. «Көпшілік жұрт қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының сырын біле бермейді. Оларды жүйелеп, көңілге қонарлықтай етіп бекзаттыққа, имандылыққа, ізгілікке қатысты білім-танымның талаптарына сай пайдаланып жүргендер жоқтың қасы», – деп жазады өзінің бір сұхбатында Ө.Жәнібеков Негізінен, біле білген адамға қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мейлі бала тәрбиесінде болсын, адамгершілік тұрғысынан болсын алар тағылым өте мол таптырмас құрал.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері соғұрлым өсіп, дамып отырды. Қолөнер шеберлері үнемі шығармашылықпен жұмыс істей отырып, халыққа қажетті қолөнерлерінің алуан түрлерін өмірге келтірді.

Үйірменің мақсаты:

➤ Оқушыларды қолөнерге баулу, өнерге деген қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктерін арттыру. Оқушыларды өздігінен ізденіп, ұмыт болып бара жатқан өнерді қайта жандандырып, оның шығу тарихын, қалай пайда болғанын түсініп ғана қоймай, оларды өз қолдарымен жасап, сәндік - өнерді қайта жаңартуға, оған жаңа мазмұн беруге баулу.

➤ Үйірме жұмыстарының үстінде, әр оқушының дара ерекшеліктерін нақтылай отырып, оқушылардың бейнелі ойлай білу, өз ойларын өнер туындысына айналдыра білу, шығармашылық, жаңашылдық мүмкіндіктерін дамыту.

➤ Баланың бойындағы қабілет пен дарынды зерттеу және дамыту арқылы, тиянақтылыққа, табандылыққа тәрбиелей отырып бастаған ісін аяқтап шығуға дағдыландыру. Ата - баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым ұлттық нақышта бұйымдарды жасау әдістерін меңгерту.

Міндеттері:

- ✓ Жұмысты ұйымдастырып, керекті материалдарды тиімді, ұқыпты пайдалана білу.
- ✓ Оқушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.
- ✓ Оқушыларды еңбекке тәрбиелеп, еңбек мәдениеті мен техника қауіпсіздігінің бастапқы элементтерін меңгеруге бағыттау.
- ✓ Оқушының еңбекке қызығушылық ынтасын нығайту және ой-өрісін кеңейту.
- ✓ Еңбектің қажеттілігін білуін, бастаған ісін талғаммен аяқтауын қадағалау.
- ✓ Балаларды тек жеке бастары үшін еңбек етуге емес, халықтық ортақ үшін еңбектенуге үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

Оқушылар халық қолөнерін игеру арқылы халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, теориялық алған білімдерін практикамен ұштастыра отырып, өз қолдарымен жасаған көркем сәндік - қолданбалы өнер туындыларымен макеттерін мектепшілік және қалалық көрмелерге шығарады.

- Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, ізденімпаздыққа үйренеді;
- Өз жұмысына және өз жолдастарының жұмысына әділ баға беруді үйренеді;
- Пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеттері артады;

Пәнаралық байланыс:

Математика, бейнелеу өнері, биология, қазақ әдебиеті

Үйірменің күнтізбелік жоспарының құрылымы

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, оқушыларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Әр түрлі бұйымдармен жұмыс жасау маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, жасау.

Бұл бағдарлама бес бөлімнен тұрады.

Техникалық еңбек — 2 сағат.

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, оқушыларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, желімнің матаның түрлерімен таныстыру. Маталардың былғарылардың маңыздылығын, қасиеттерін, ерекшеліктерін, қолданылуын, түс үйлесімдігін талғампазығы.

Сәндік қолданбалы өнер түрлері — 15 сағат.

Бұйымдар түрлері. Қолданбалы еңбек. Түрлеріне тоқталу. Әшекей бұйымдар жасау. Көркем қолөнер технологиясына түсінік. алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.

Ою-өрнек бастырмалар — 8 сағат

Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Моншақ және сү моншақпен тоқып үйрену — 9 сағат.

Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар жасау, моншақты маталарға тігу, жапсыру.

Құрал-жабдықтар пайдалану барысында оқушылар:

1. Ине, қайшы, бізбен жұмыс жасауды;
2. Қол тігістерін орындап, техникалық қауіпсіздік ережені сақтауды;
3. Қиып, қосып біріктіру тігістерін орындай білуі;
4. Жапсырма жұмыстарға желімді пайдалануды;
5. Құрал-жабдықтар мен өлшем таспаны қолдана білуі;
6. Түстерді дұрыс сәйкестендіре білуі;
7. Сурет сала білуі;
8. Бұйымды эскизін орындай білуі;

9. Ине жіптерді әр түрлі бұйымдарға қолдана білуі;
10. Шаблон үлгілерін дайындауды білуі;
11. Технологиялық карталармен жұмыс істей білуі;
12. Үтікпен жұмыс жүргізуді білуі.

Еңбек қауіпсіздік ережелері, инемен жұмыс істеу тәртібі:

1. Инені ине түйрегішке ғана түйреп салу керек;
2. Инені киімге түйреуге, ауызға салуға болмайды;
3. Жіпті тістеп кесуге болмайды;
4. Инені алушыға сабақталулы жағымен беру керек;
5. Сынған инені жерге тастауға болмайды.

Үтікпен жұмыс істеу тәртібі

1. Үтіктер алдында өткізгіштің үзілген жерін тексеру керек;
2. Ылғалды қолмен тоққа қосылатын үтікті ұстауға тыйым салынады.
3. Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек.

Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:

1. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
2. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

Желіммен жұмыс істеу тәртібі:

1. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
2. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жууың керек;
3. Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұстауың керек

Ақпаратты- әдістемелік бөлім.

Озық ойлы, тапқыр да, пайымды оқушылардың іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әр ұстаздың міндеті. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану оқушының танымдық белсенділігін арттырып, өздігінен білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға , екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға көмектеседі.

Технологияның элементтерін пайдаланудың ұтымдылығы оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, топпен жұмыс істеуде, сын пікір, тілек, ұсыныс айту, өз ойын ашық айтып әрі дәлелдеу, өзіндік бағалау, жинақтау шығармашыл тұлға қалыптастыруға алып келеді.

Сабақтың формасы: баяндама, тірек-сызба, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, сауалнама, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

«Шебер қолдар» үйірмесінің жоспары.
сынып. (34 сағат)

№	Сабақ тақырыбы	сағаты	Мерзімі
1.	Сәндік-қолданбалы өнер.Қолөнер түрлері.	1	03.09.2024
2.	Ою – өрнектің түрлері мен қысқаша тарихы. Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі	1	10.09
3.	Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі.Шеттік оюы.	1	17.09
4-5.	Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі .Бесбұрыш ішіндегі ою.	2	24.09-01.10
6.	Квиллинг өнері туралы мәлімет	1	08.10
7-8.	Квиллинг қағаздарын дайындау тәсілдері .	2	15.10-22.10
9-10.	Квиллинг панносын жасау.	2	05.11-12.11
11-12.	Қағаздан раушан гүлін жасау.	2	19.11-26.11
13-14.	Дизайн өнері. «Витраж»Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу.Эскиздер.	2	03.12-10.12
15-16-17.	Дизайн өнері. «Витраж» бояу түстерімен әсемдеу.	3	17.12-24.10.2024 - 14.01.2025
18.	Дизайн өнері. «Папье-машье» Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу	1	21.01
19-20-21.	Дизайн өнері. «Папье-машье» ыдыс-аяқтың жасалу жолдары	3	28.01-04.02-11.02-2025
22	Бисердің шығу тарихы	1	18.02
23-24.	Бисерден алқа тоқу	2	25.02-04.03
25.	Бисерден «Бамбук» браслетін тоқу	1	11.03
26.	Төртбұрышты кәмпитсалғыш тоқу әдісі	1	18.03
27.	Сумоншақтан жасалатын бұйымдарды тоқу жолдары	1	01.04

28-29.	Сумоншақтан гүл жапырақшаларын тоқу жолдары	2	08.04-15.04
30.	Сумоншақтан браслет тоқу жолдары	1	22.04
31.	«Гематит» алқасының жасалу жолдары	1	29.04
32.	«Көкжиек» алқасының жасалу жолы	1	06.05
33.	«Күз» алқасының жасалу жолдары	1	13.05
34.	«Күз» алқасының жасалу жолдары.Көрме	1	20.05.2025